



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электрондық денсаулық сақтау

1-бөлім

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ПАСПОРТЫ

ҚР СТ 3749-2021 (ISO 13940-2015, NEQ)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

ҚР СТ 3749-2021

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2021 жылғы «11» қарашадағы № 413-НҚ бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3. Осы стандарт ISO 13940:2015 «Денсаулық сақтау бойынша ақпараттандыру – Медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған ұғымдар жиынтығы» ескеріп әзірленді.

Сәйкестік дәрежесі – балама емес (NEQ).

4 Осы стандартта «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің нормалары іске асырылған.

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – «Ұлттық стандарттар» мерзімді ақпараттық сілтемелерде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе күші жойылған жағдайда тиісті хабарлама «Ұлттық стандарттар» мерзімді ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер.....	4
3 Терминдер мен анықтамалар	5
4 Қысқарған сөздер	12
5 Негізгі нормативтік ережелер	13
5.1 Электрондық денсаулық паспортын қалыптастыру қағидаттары ..	13
5.2 Өкілеттік беру шарттары мен тәртібі.....	16
5.3 ЭДП мәліметтерінің ең аз жиынтығы	18
5.4 ЭДП өмірлік циклын басқару	21
5.4.2 Есептік жазба құру	21
5.4.3 Жазбаларды жүргізу	22
5.4.4 ЭДП логтау журналын жүргізу.....	23
5.4.5 Қағаз құжаттаманы жүргізу	23
5.4.6 Мұрағаттау.....	24
5.4.7 Мұрағатты жүргізу.....	24
5.4.8 ЭДП жою.....	24
А қосымшасы (<i>міндетті</i>) ЭДП моделі үшін ең аз ерекшеліктер	26
Б қосымшасы (<i>міндетті</i>) Пациент туралы берілетін деректер	47
Библиография.....	56

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ПАСПОРТЫ

Енгізілген күні 2022-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт электрондық денсаулық паспортына, сондай-ақ электрондық денсаулық паспорты, электрондық медициналық жазбалар және басқа да электрондық денсаулық сақтау жүйелері арасындағы функционалдық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай стандарттау жөніндегі сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР СТ ISO/IEC 27002-2015 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару құралдары бойынша ережелер жиынтығы.

ҚР СТ ISO 27932-2017 Денсаулық бойынша ақпараттандыру. Деректермен алмасу стандарттары. HL7 клиникалық құжаттар архитектурасы, 2-шығарылым.

ГОСТ 52636-2006 Электрондық аурулар тарихы. Жалпы ережелер.

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогы бойынша және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын басып шығарылатын тиісті ақпараттық каталог бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1] бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Автоматтандырылған денсаулық сақтау (automated healthcare):** Кейіннен медициналық техникамен автоматты түрде жүзеге асырылатын

ҚР СТ 3749-2021

денсаулық сақтау жүйесінің жауапты қатысушысы бастамашылық еткен медициналық көмек көрсету әдісі.

3.2 **Анықталмаған денсаулық жағдайы** (excluded condition): Бір немесе бірнеше медицина қызметкері пациенттің қазіргі жағдайына сәйкес келмейді деп таныған денсаулық жағдайы.

3.3 **Ауру ағымының болжамы** (prognostic condition): Медициналық қызметкерлер бағалайтын ауру барысы немесе ағымы туралы болжамды білдіретін денсаулықтың әлеуетті жағдайы.

3.4 **Бастапқы байланыс** (initial contact): Клиникалық процесс басталатын байланыс.

3.5 **Байланыс** (contact): Пациент пен бір немесе бірнеше медицина қызметкерінің арасындағы қарым-қатынас.

3.6 **Байланыс кезеңі** (contact period): Байланыс болатын медициналық қызмет кезеңі.

3.7 **Бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары** (uniprofessional care plan): Пациентке қатысты дербестендірілген және бір медицина қызметкерінің бір немесе бірнеше денсаулық мәселесін шешуге бағытталған жоспарланған медициналық қызметтер пакетінің сипаттамасы.

3.8 **ДБР операторы** (UDR operator): ДБР басқаруды және қолдауды, сондай-ақ ЭДП интероперабельділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік, ұйымдастырушылық және техникалық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

3.9 **Денсаулық жағдайы** (health state): Пациенттің денсаулығының жан-жақты көрсеткіші ретінде дене және ақыл-ой функциялары, дене құрылымы, жеке факторлар, физикалық белсенділік, қоршаған ортаға әсер ету.

3.10 **Денсаулық жағдайы туралы анықтама** (certificate related to a healthcare matter): Денсаулық сақтау жүйесінің қатысушысы пациентпен байланысты денсаулық сақтау мәселелерін растайтын ресми құжат.

3.11 **Денсаулық жағдайының бастапқы деректері** (input health state): Медициналық процесс басталған сәттегі денсаулық жағдайы.

3.12 **Денсаулық жағдайын кәсіби бағалау** (professionally assessed condition): Денсаулық жағдайының генезіне, ағымына, ауырлығына немесе салдарына қатысты медицина қызметкері бағалайтын пациенттің қазіргі жағдайы.

3.13 **Денсаулық жағдайының нәтижесі** (output health state): медициналық процесс аяқталғаннан кейінгі денсаулық жағдайы.

3.14 **Денсаулық жағдайының нысаналы көрсеткіші** (target condition): Денсаулық сақтау мақсаттарын білдіретін денсаулықтың әлеуетті мәртебесі.

3.15 **Денсаулық мәртебесі** (health condition): Қазіргі уақытта денсаулық жағдайының бақыланатын немесе ықтимал аспектілері.

Ескертпе – Денсаулық мәртебесі термині көбінесе зиянды немесе қолайсыз жағдайды (аурулар, бұзылулар, жарақаттар және т.б.) білдіру үшін қолданылады, себебі медициналық қызметтің белгілі бір түрлері ықпал етуі мүмкін.

3.16 Денсаулық мәселесі (health issue): Денсаулық проблемалары, физиологиялық жай-күйлер, патологиялар, пациент тарапынан немесе денсаулық сақтаудың өзге тарапынан медициналық қызметтерді жүргізуге сұрау салулар үшін жалпылама ұғым. Денсаулық мәселесін денсаулық сақтау жүйесінің тиісті қатысушысы айқындайды.

3.17 Денсаулық сақтау бірлігі (healthcare agent): Денсаулық сақтау жүйесінде белгілі бір функцияларды орындайтын жеке және заңды тұлғалар, медициналық жабдықтар немесе медициналық ақпараттық жүйе.

3.18 Денсаулық сақтау жүйесінің қатысушысы (healthcare actor): Денсаулық сақтау жүйесінде өзара әрекеттесетін жеке және заңды тұлғалар немесе ұйым.

3.19 Денсаулық сақтау мәселесі (healthcare matter): Денсаулық сақтау жүйесінің бір немесе бірнеше қатысушысы айқындағандай, пациенттің денсаулығына және (немесе) осы пациентке медициналық көмек көрсетуге байланысты мәселені ұсыну.

3.20 Денсаулық сақтаудағы қызметтер сапасын басқару (healthcare quality management): Медициналық ұйымды басқару және сапасын бақылау бойынша үйлестірілген қызмет.

3.21 Денсаулық мәселелерінің тізбегі (health thread): Клиникалық білім немесе нақты клиникалық үдеріс негізінде пациент туралы медициналық ақпаратты түсіндіретін денсаулық сақтау тарапынан қалыптасатын бірнеше денсаулық мәселесінің өзара байланысының теориялық моделі.

3.22 Дербес деректерді беруге өкілеттік (mandate to export personal information): Денсаулық сақтау тараптары арасында бір медицина қызметкеріне пациент не оның атынан қажетті өкілеттігі бар денсаулық сақтаудың басқа тарапы берген дербес ақпаратты беру өкілеттігі.

3.23 Деректердің бірыңғай репозиторийі (Unified Data Repository): ЭДП репозиторийін, онымен байланысты жүйелерді, электрондық денсаулық сақтау сервистерін, тіркелімдерді, анықтамалықтарды, сәйкестендіру сервистерін және басқа да деректер көздерін қолдауды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешен. ДБР өңірдің технологиялық инфрақұрылымына байланысты ұлттық, өңірлік немесе локальды деңгейлерде жүргізілуі мүмкін.

3.24 Есептік жазбалардың ұлттық тізілімі (National registry of record entry): Жеке тұлғаларды сәйкестендіру және электрондық денсаулық паспортын іске асыру үшін талап етілетін ақпаратты ұсыну үшін е-денсаулық сақтау сервисі ретінде ұсынылатын Ұлттық электрондық ресурс.

3.25 Импортқа арналған медициналық ақпарат (healthcare information for import): Медицина қызметкерінің жазбасына импорттау үшін қарастырылған ратификацияланған, клиникалық өзекті ақпарат.

3.26 Клиникалық нұсқаулық (clinical guideline): Дәлелді медицинаға негізделген пациентке қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдік және оңалту іс-шараларын қолдану туралы ұсынымдар.

3.27 Клиникалық үдеріс (clinical process): Пациентке бір немесе бірнеше денсаулық мәселелері бойынша көрсетілетін өзара байланысты немесе өзара іс-қимыл жасайтын медициналық қызметтер жиынтығы.

3.28 Клиникалық үдеріске өкілеттік (clinical process mandate): Медициналық қызметтер көрсетудің белгіленген кезеңінде медициналық қызметті жүзеге асыруға медициналық қызметтер берушіге берілген және осы кезең үшін шектерді айқындайтын өкілеттіктер.

3.29 Қарастырылатын денсаулық жағдайы (considered health condition): Бақыланатын бір немесе бірнеше денсаулық жағдайына негізделген денсаулық сақтау жүйесінің қатысушысы қарастыратын ықтимал денсаулық жағдайы.

3.30 Медициналық жазба элементі (health record component): Салыстыру немесе қайта қарау үшін бірдейлендірілетін электрондық денсаулық паспортының бөлігі.

3.31 Медициналық зерттеу (healthcare investigation): Пациенттің денсаулығының бір немесе бірнеше жағдайын нақтылауға арналған медициналық қызмет элементі.

3.32 Медициналық көмек көрсету кезеңіне өкілеттік (care period mandate): Денсаулық сақтаудың бір тарапына пациентке медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ белгіленген медициналық көмек көрсету кезеңінде осы пациенттің денсаулығына қатысты ақпаратты басқаруға берілетін өкілеттік.

3.33 Медициналық көмек көрсету эпизоды (episode of care): Денсаулықтың нақты мәселесіне қатысты медициналық қызмет кезеңінің барлық элементтерін қамтитын жағдай.

3.34 Медициналық көмек көрсетудің кумулятивтік эпизоды (cumulative episode of care): Денсаулық мәселелерінің бір тізбегіне жататын эпизодтар жиынтығы.

3.35 Медициналық көмек көрсету жоспары (care plan): Пациентке қатысты дербестендірілген және бір немесе бірнеше денсаулық сақтау тараптарының бір немесе бірнеше денсаулық мәселесін шешуге бағытталған жоспарланған медициналық қызметтер пакетінің сипаттамасы. Медициналық көмек көрсету бағдарламасы медициналық қызметтерді ғана емес, медициналық қызметтің кез келген түрін де қамтиды.

3.36 Медициналық көмек көрсетуге өкілеттік беру кезеңі (mandated period of care): Медициналық қызмет көрсетуші денсаулық сақтау саласындағы нақты қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті медициналық қызметті орындайтын медициналық қызмет кезеңдерінің кешені.

3.37 Медициналық көмек көрсетуге талап (demand for care): Пациентке медициналық қызметтер көрсетуге денсаулық сақтау тарапы білдірген сұрау салу.

3.38 Медициналық қызмет кезеңі (healthcare activity period): Медициналық қызметті жеткізуші медициналық қызмет көрсететін уақыт аралығы.

3.39 Медициналық қызмет кезеңінің элементі (healthcare activity period element): Нақты (тек бір) денсаулық мәселесіне қатысты медициналық қызмет кезеңінің бөлігі. Медициналық қызмет кезеңінде медициналық қызмет кезеңінің бірнеше элементі қаралуы мүмкін. Медициналық қызмет кезеңінің элементі медициналық қызметтің бір ғана кезеңінің және медициналық көмек көрсетудің бір ғана эпизодының бөлігі болып табылады.

3.40 Медициналық қызмет көрсету кезеңі (health related period): Пациенттің денсаулығымен және/немесе осы пациентке медициналық көмек көрсетумен байланысты уақыт аралығы. Медициналық қызмет көрсету кезеңі бірқатар жағдайларға - нақты клиникалық үдеріске, медицина қызметкеріне, денсаулықтың нақты проблемасына және т.б мамандандырылған болуы мүмкін. Медициналық қызмет көрсету кезеңі «басталу күні мен уақыты» және «аяқталу күні мен уақыты» болып анықталады.

3.41 Медициналық қызмет көрсетуші (healthcare provider): Медициналық қызмет көрсететін «медициналық ұйым» және (немесе) «медицина қызметкері».

3.42 Медицина қызметкерінің жазбасы (professional health record): бір немесе бірнеше медицина қызметкері пациентке жүргізетін немесе медициналық қызмет көрсетушінің жауапкершілігімен жүргізілетін электрондық медициналық жазба.

3.43 Медициналық құрылғы (medical device): Функционалдық мақсатына және өндіруші белгілеген пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке немесе өзара үйлесімде қолданылатын аппараттар, аспаптар, жабдықтар, кешендер, жүйелер.

3.44 Медициналық міндеттемелер (healthcare commitment): денсаулық сақтау жүйесінің қатысушысына жүктелген медициналық өкілеттік.

3.45 Медициналық өкілеттік (healthcare mandate): денсаулық сақтау жүйесіне қатысушының қабылданған нақты рөлінің көлемі мен шеңберін және оның пациентке қатысты атқаратын рөліне сәйкес

ҚР СТ 3749-2021

жауапкершілігін айқындайтын, хабардар етілген келісіммен немесе заң күшімен бекітілген ереже.

3.46 Медициналық үдеріс (healthcare process): Бастапқы деректерді нәтижелерге түрлендіретін өзара байланысты немесе өзара әрекеттесетін медициналық қызметтер жиынтығы.

3.47 Нәтижелеуші денсаулық жағдайы (resultant condition): денсаулық жағдайының нәтижесін көрсететін нақты денсаулық жағдайы.

3.48 Нормаланған деректер (normalised data): Мәндері электрондық денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінің көмегімен интероперабельділікті және деректерді электрондық өндеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін халықаралық және ұлттық стандарттарды, анықтамалықтар мен жіктеуіштерді пайдаланып кодталған деректер.

3.49 Негізгі, қорытынды диагноз (working diagnosis): бір немесе бірнеше медицина қызметкері пациенттің осы жағдайына сәйкес деп таныған денсаулық жағдайы.

3.50 Өкілеттік (mandate): Денсаулық сақтау тарабының қабылданған нақты рөлінің көлемі мен шеңберін анықтайтын ережелер жиынтығы және оның атқаратын рөліне сәйкес жауапкершілігі.

3.51 Өкілеттік беру туралы хабарлама (mandate notification): Денсаулық сақтаудың басқа тараптары үшін ашық, денсаулық сақтау тарапына берілген айқын өкілеттік мәртебесіндегі өзгерістер туралы ақпарат.

3.52 Пациенттің қазіргі жағдайы (observed condition): медициналық тексеру сәтіндегі адамның денсаулық жағдайы.

Мысалы – Артериялық қысым, іштің кебуі, жүрек соғысы, дене массасы, рентгенограммадағы өкпе инфильтрациясы, гемоглобин деңгейі, терінің түсі.

3.53 Проблемалық-бағдарланған медициналық жазба (problem-oriented medical record): Медициналық көмек көрсету эпизодына жататын және денсаулық мәселесі немесе денсаулық мәселелерінің тізбегі туралы мәліметтер мен ақпарат элементтерін жинайтын денсаулық туралы ақпаратты логикалық құрылымдауға арналған папка. МСАК деңгейіндегі әрбір ПБМЖ кейіннен жазба элементтерін (ЭМЖ элементтері) қамтуы мүмкін электрондық денсаулық паспортының бірқатар элементтерінен тұрады. Электрондық медициналық жазба элементтерінің жиынтығы мамандандырылған медициналық көмек деңгейіне арналған медициналық көмек көрсету кезеңін немесе эпизодын сипаттайды.

3.54 Ратификацияланбаған медициналық ақпарат (non-ratified healthcare information): Өзектілігі бағаланбаған және медицина қызметкері жарамды деп көрсеткен медициналық ақпарат.

3.55 Талап етуге өкілеттік (demand mandate): Медициналық көмек көрсетуде талаптарды білдіруге өкілеттік денсаулық сақтаудың бір немесе

бірнеше тарапына пациенттің атынан медициналық қызметті жүзеге асыруға беріледі.

3.56 **Үздіксіздікті қолдауға өкілеттік** (continuity facilitator mandate): Пациенттің атынан МСАК дәрігеріне (немесе қажет болған жағдайда басқа денсаулық сақтау бөлімшесіне) берілген өкілеттік.

3.57 **Шығару эпикризі** (discharge report): медициналық көмек көрсетуге өкілеттік берудің аяқталған кезеңі туралы клиникалық есеп.

3.58 **Ықтимал денсаулық жағдайы** (potential health condition): денсаулық сақтау жүйесінің қатысушысы сипаттаған ықтимал болашақ немесе қазіргі денсаулық мәртебесі.

3.59 **ЭДП жіберілетін құжат** (EHR messaging document): Әр түрлі медициналық қызмет көрсетушілер арасында электрондық денсаулық паспорты туралы ақпарат алмасу (беру немесе сақтау) үшін пайдаланылатын электрондық жіберілетін құжат. ШРЭ-мен іс-әрекеттер дербес деректерді беруге айқын және заңды өкілеттігі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. ШРЭ құрылымы, мазмұны және алмасу қағидалары «е-денсаулық сақтау ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылға (хабарламалар беруге) қойылатын техникалық талаптарға» сәйкес айқындалады.

3.60 **ЭДП қашықтық репозиторийі** (remote EHR repository): Денсаулық сақтау тараптарына медициналық ұйымнан тыс нақты бір жерлерде ЭДП-ға қолжетімділік беретін, қашықтық режимде ЭДП репозиторийін қолдауды және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешен.

3.61 **ЭДП репозиторийі** (EHR repository): Деректердің бірыңғай репозиторийінің құрама бөлігі ретінде ЭДП қолдауды және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешен.

3.62 **ЭДП үзіндісі** (Electronic health record extract): пациенттің электрондық денсаулық паспортының таратуға және талқылауға арналған бір бөлігі немесе толық түрі.

3.63 **ЭДП элементі** (EHR element), **ЭМЖ элементі** (EMR element): Бір байланыс элементіне жататын ЭДП немесе ЭМЖ бөлігі.

4. Қысқарған сөздер

АХЖ -10-аурулардың халықаралық жіктемесі 10-қарау

БАЖ – Бекітілген арнайы жазба

ДБР - Деректердің бірыңғай репозиторийі

ЕЖҰТ – Есептік жазбалардың ұлттық тіркелімі

МСАК –Медициналық-санитариялық алғашқы көмек

ПБМЖ – Проблемалық-бағдарланған медициналық жазба

ЭДП – Электрондық денсаулық паспорты

ЭЖҚ – Электрондық денсаулық паспортының жөнелтілетін құжаты

ЭМЖ – Электрондық медициналық жазба
ICPC-3- МСАК қызметінің жіктемесі

5. Негізгі нормативтік ережелер

5.1 ЭДП қалыптастыру қағидаттары

5.1.1 ЭДП уақытылы, өзекті, сенімді және жеткілікті медициналық ақпаратты ұсыну жолымен медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету және МСАК буынын күшейту үшін тетіктерді білдіреді.

5.1.2 ЭДП мына қағидаттарға негізделеді:

- легитимділік, яғни ЭДП-да қамтылған ақпараттың мазмұны мен пайдаланылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі [1];

- өзгермейтіндігі, яғни ЭДП бөліктері тиісті өкілеттігі бар медицина қызметкері растағаннан кейін өзгеруге жатпайды;

- дербестендіру, яғни ЭДП бөліктері пациентке және ЭДП-ның осы бөлігінің авторына қатысты бірегей сәйкестендіріледі;

- верификация, яғни ЭДП-да сақталатын барлық оқиғалар, іс-әрекеттер мен ақпарат тіркелген және ресми танылған денсаулық сақтау субъектісі куәландыруы және растауы тиіс;

- қадағалануы, яғни ЭДП-да сақталатын барлық оқиғалар, әрекеттер мен ақпарат бақыланатын болып табылады, ЭДП-ға және оның барлық элементтеріне қолжетімділікті қоса алғанда, барлық жүргізілетін әрекеттер бойынша логтау журналы автоматты түрде құрылуы және жүргізілуі тиіс.

5.1.3 ЭДП-да қамтылған жеке тұлғаның дербес медициналық деректері диагноз қоюға, ауруларды және денсаулыққа байланысты проблемаларды емдеуге немесе алдын алуға, сондай-ақ пациенттің және (немесе) оның заңды өкілінің медициналық көмек алуға хабардар етілген келісімін ескере отырып, әлеуметтік қызметтер көрсетуге, денсаулық сақтауды басқаруға және қаржыландыруға байланысты қызметке тартылған денсаулық сақтаудың барлық тараптары үшін қолжетімді.

5.1.4 Денсаулық сақтау субъектілері [5] көзделген жағдайларды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын көлемде және еселікте деректерді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның Ұлттық электрондық денсаулық паспортына және электрондық ақпараттық ресурстарына беруді қамтамасыз етуге міндетті. Дербес медициналық деректерді Ұлттық электрондық денсаулық паспортына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның электрондық ақпараттық ресурстарына беруді денсаулық сақтау субъектілері дербес медициналық деректерді жинау, өңдеу, сақтау, қорғау мақсатында және [1], [3], [7]-де көрсетілген жағдайларда жеке тұлғаның келісімінсіз жүзеге асырады.

5.1.5 ЭДП есептік жазбасын пациенттің өмірінде бір рет автоматты түрде құрылады. ЭДП есептік жазбасында осы стандартқа сәйкес логикалық құрылымдалған барлық ЭДП және ЭМЖ элементтері бар. ЭМЖ-нің барлық элементтері МСАК деңгейінде құрылған медициналық көмек көрсету эпизодтарымен өзара байланысты болуы тиіс. Медициналық көмек көрсетудің қолайлы эпизоды болмаған жағдайда МСАК дәрігері көмек көрсетудің басқа деңгейлерінде құрылған медициналық көмек көрсету эпизодын ескере отырып, медициналық көмек көрсетудің жаңа эпизодын жасайды.

5.1.6 ЭДП тиісті өкілеттігі бар денсаулық сақтау тарабы ұсынған ақпаратты ғана қамтуы мүмкін. ЭДП-да қамтылған енгізілетін электрондық деректердің сапасы, уақытылығы, дұрыстығы және құпиялылығы үшін оны растаған медицина қызметкері жауапты болады. Барлық расталған ақпарат медициналық ұйымға өкілеттік берілген жағдайларда да (жедел жәрдем көрсету жағдайындағыдай) медицина қызметкеріне дейін бақылануы тиіс.

5.1.7 ЭДП мен сыртқы медициналық ақпараттық жүйелер арасындағы барлық өзара іс-қимыл осы стандартта белгіленген ШРЭ құрылымы мен мазмұнының көмегімен хабар алмасу негізінде жүзеге асырылады.

5.1.8 Деректерді қалыпқа келтіру жөніндегі талаптарға қатысты ЭДП-да сақталатын ақпаратты ұйымдастыру және кодтау қағидаттары [9], [10], [13], [14], [15], [16], [17] сәйкес белгіленеді.

5.1.9 ЭДП-ға енгізілген барлық ақпарат ҚР СТ ISO/IEC 27002 және [2], [3] сәйкес рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалған.

5.1.10 Медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігі тұрғысынан ЭДП пациенттің денсаулық жағдайының ұзақ және интеграцияланған электрондық сипаттамасы болып табылады, ол ЭДП және ЭМЖ әртүрлі элементтерінің деректерін қамтиды және байланыстырады, медициналық қызмет көрсетушілер арасында ақпарат алмасу және өзара іс-қимыл мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5.1.11 Денсаулық сақтаудың барлық бірліктері стандартты, бірыңғай, ұлттық сәйкестендіргіш арқылы анықталады.

5.1.12 Медициналық көмек көрсету эпизоды пациенттің медициналық қызмет көрсетушімен денсаулық мәселесі бойынша алғашқы байланысынан басталады және сол денсаулық мәселесі бойынша осы қызмет көрсетушімен соңғы байланыс барысында медициналық қызмет көрсету аяқталғаннан кейін аяқталады.

5.1.13 ЭДП репозиторийін іске асыру кезінде медициналық қызмет кезеңінің әрбір элементі медициналық көмек көрсетудің бір ғана эпизодының бір бөлігі болып табылатын ЭДП элементіне жатады. Медициналық қызметтің әрбір кезеңі медициналық көмек көрсетудің бірнеше эпизодтарына қатысты болуы мүмкін.

ҚР СТ 3749-2021

5.1.14 Клиникалық үдеріс уақыты бойынша бірізді медициналық қызмет не бір денсаулық мәселесі бойынша медициналық қызмет көрсетушіге пациенттің бірнеше рет келуі нәтижесінде медициналық көмек көрсету эпизодына байланысты дәйекті өтініштер негізінде айқындалады. Кешенді клиникалық үдерістің екі түрі бар:

- медициналық қызмет кезеңінің жүгінулерін/жағдайларын және бұрыннан бар элементтерін интерпретацияны жүзеге асыратын медициналық қызмет көрсетушінің клиникалық білімі мен тәжірибесі негізінде ПБМЖ құра отырып, қайталама интерпретациялау;

- медициналық көмек көрсетудің клиникалық нұсқауларының, жоспарларының немесе бағдарламаларының жиынтығын қолдану нәтижесі ретінде медициналық қызмет кезеңінің жаңа өтініштері мен элементтерін жасау.

5.1.15 Денсаулықтың белгілі бір мәселесі бойынша логикалық немесе уақытқа байланысты өтініштер медициналық көмек көрсету эпизодын құрайды. Бұл өтініштерді қайталама медициналық қызмет көрсетушінің (осы өтінішті тіркеген жеткізушіден өзгеше) немесе алдын ала анықталған клиникалық үдерістің бөлігі болып табылатын бірқатар өтініштер тұрғысынан қайта ұйымдастыру осы клиникалық үдеріске қатысты барлық медициналық іс-қимылдарды қамтитын медициналық көмек көрсетудің кумулятивтік эпизодын белгілейді және айқындайды.

5.1.16 ЭДП репозиторийін іске асыру кезінде денсаулық мәселесі негізінде айқындалатын медициналық көмек көрсету эпизодтары бастапқы ПБМЖ-ға жатады. Бұл қоңыраулар мен жазбалар элементтері медициналық қызмет көрсетушіге жүйелі түрде бару негізінде уақыт өте келе өзара байланысты болады. Медициналық көмек көрсетудің кумулятивтік эпизодтары клиникалық үдеріспен құрылған денсаулық мәселелерінің тізбегі негізінде анықталады.

5.1.17 ЭДП репозиторийін іске асыру кезінде клиникалық үдеріс медициналық көмек көрсетудің тиісті кумулятивтік эпизоды бойынша құжатпен ресімделген барлық медициналық қызметті және денсаулықтың барлық жағдайын белгілейді және айқындайды, сондай-ақ осы клиникалық үдеріс бойынша барлық ақпаратты қамтитын ПБМЖ айқындайды.

5.1.18 ПБМЖ бір немесе бірнеше денсаулық мәселесімен байланысты болуы мүмкін денсаулықтың нақты проблемасына қатысты жүзеге асырылған медициналық ақпараттың кез келген клиникалық мәнді логикалық өзара байланысын білдіреді.

5.1.19 Бір бейінді медициналық көмек көрсету жоспары тек бір медицина қызметкері медициналық көмек көрсету бағдарламасын қолданған жағдайда медициналық көмек көрсету жоспарымен сәйкес келуі мүмкін.

5.1.20 Медициналық көмек көрсетудің кез келген эпизоды немесе кумулятивтік эпизод оның нәтижесінде жасалған және сақталған кешенді

клиникалық үдеріс негізінде айқындалуы тиіс. Осы клиникалық үдеріс барысында осыларды көрсететін медициналық қызмет көрсетуші өкілеттік тетігін қолдану негізінде автоматты түрде айқындалады.

5.2 Өкілеттікті беру шарттары мен тәртібі

5.2.1 Өкілеттік белгілі бір медицина қызметкеріне беру арқылы да, нақты медициналық ұйымға беру арқылы да айқын көрінуі мүмкін.

5.2.2 Өкілеттік:

а) пациент немесе денсаулық сақтаудың кез келген басқа тарабы, оның ішінде заңды өкіл;

б) денсаулық сақтаудың бір бірлігінен екіншісіне беру жолымен: ішінара не толық, уақытша немесе тұрақты негізде – уақытша толық жауаптылықты білдіретін пациенттерді емдеуге жатқызу жағдайындағыдай беріледі.

5.2.3 Өкілеттік:

а) ашық және жалпы, яғни пациент денсаулығының барлық ықтимал мәселелерін қамтитын, мысалы, МСАК көрсеткен жағдайда;

б) бір немесе бірнеше алдын ала анықталған проблемалар шектелген, мысалы, бейінді маманнан көмек алған жағдайда болуы мүмкін.

5.2.4 Өкілеттік сондай-ақ 5.4.5.1-5.4.5.3 сәйкес кейбір әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру үшін берілуі мүмкін.

5.2.5 Өкілеттік А қосымшасында көрсетілген мәндер бойынша тексеруге жатады.

5.2.6 ЭДП: сұрау салу, оны қабылдау немесе бас тарту, сондай-ақ өкілеттікті беру нәтижелері туралы хабарлама негізінде өкілеттікті беруді қамтамасыз етеді. Өкілеттікті беру осы стандарттың ережелеріне сәйкес жүргізіледі және ролін МСАК дәрігері атқаратын делдал жүзеге асыра алады, ол тиісті өкілеттікті беру және қабылдау фактісін қамтамасыз етуге тиіс.

5.2.7 Сондай-ақ, өкілеттік белгілі бір адамға, нақты медициналық ұйымға немесе денсаулық сақтау ұйымында нақты функцияны орындау үшін берілуі мүмкін (мысалы, жұмыс істейтін жедел жәрдем дәрігері). Аталған нұсқалардың кез-келгені үшін өкілеттік оны тағайындау рәсімінен кейін нақты адамға берілуі керек. Дәл осындай қағидат әртүрлі жұмыс ауысымдары арасында өкілеттік берілген жағдайда қолданылады.

5.2.8 ЭДП тұрғысынан «өкілеттік» ұғымы деректерге қолжетімділік құқығын, жазбаларды жүргізу міндеттемесін және ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуді білдіреді.

5.2.9 Өкілеттіктің бес типі бар:

- 1) талапқа өкілеттік;
- 2) медициналық көмек көрсету кезеңіне өкілеттік;
- 3) клиникалық үдеріске өкілеттік;
- 4) дербес деректерді беруге өкілеттік;

ҚР СТ 3749-2021

5) үздіксіздікті қолдауға өкілеттік.

5.2.10 Талап ету өкілеттігі тиісті медициналық қызметтерді талап ету құқықтары мен міндеттерін білдіреді.

5.2.11 Медициналық көмек көрсетуді талап ету өкілеттігіне сұрау салулар, яғни медицина қызметкері медициналық қызметтерді жеткізушіден бірқатар медициналық қызметтерді жүзеге асыруға сұрау салатын жағдай, сондай-ақ медицина қызметкері медициналық қызметтерді жеткізушіден клиникалық үдеріске өкілеттікті қабылдауды талап ететін медициналық көмек көрсетуге арналған талаптар кіреді.

5.2.12 Медициналық көмек көрсету кезеңіндегі өкілеттіктер ақпараттандырылған келісімге негізделеді не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады [1].

5.2.13 Медициналық көмек көрсету кезеңіне арналған өкілеттік медициналық қызмет көрсету кезеңін айқындайды және шектейді.

5.2.14 Клиникалық үдерістің өкілеттігі белгілі бір клиникалық үдеріс аясында медициналық қызмет көрсетуді білдіреді.

5.2.15 Өкілеттік беру туралы хабарлама өкілеттік беру делдалының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

5.2.16 Жүзеге асыру үшін пациенттің атынан МСАК дәрігеріне (немесе қажет болған кезде басқа денсаулық сақтау бірлігіне) берілген үздіксіздікті қолдауға өкілеттік:

а) медициналық көмек көрсету кезеңіне өкілеттікті жүйелі түрде беру мониторингі;

б) пациент туралы ақпаратты денсаулық сақтаудың уәкілетті бірліктеріне беруге жәрдемдесу жолымен жүзеге асырылады;

в) пациенттің медициналық ақпаратын басқару.

5.3 ЭДП деректерінің ең аз жиынтығы

5.3.1 ЭДП деректерінің ең аз жиынтығы осы стандартқа сәйкес айқындалады және мынадай деректерді қамтуға тиіс:

а) пациентті сәйкестендіру;

б) медициналық ұйымдар мен медицина қызметкерлерін сәйкестендіру;

в) шұғыл жағдайлар үшін негізгі клиникалық деректер, дәрі-дәрмектік және өзге де реакциялар: аллергия, төзімсіздік;

г) тіршілік әрекетінің негізгі көрсеткіштері;

д) жалпы клиникалық маңызы бар негізгі диагностикалық зерттеулер;

е) жүктілікті қоса алғанда, физиологиялық жай-күйлер;

е) зиянды әдеттер және денсаулыққа қауіптер;

ж) профилактикалық іс-шаралар, оның ішінде профилактикалық егулер;

з) аурулар мен бұзылулар тарихы;

и) ағымдағы денсаулық проблемаларының тізімі;

- к) қазіргі уақытта қабылданатын дәрілік заттардың тізімі;
- л) антропометриялық деректер.

5.3.2 Ақпараттың осы ең аз жиынтығы А және Б қосымшаларында көрсетілген деректерді ескере отырып, осы стандартта айқындалған ЭДП құрылымы мен терминологиясына сәйкес іске асырылады.

5.3.3 Бұдан басқа, МСАК және мамандандырылған көмек деңгейінде медициналық көмек көрсетушіге жүгінуге жататын медициналық жазбаның әрбір элементі нормаланған мәндердегі мынадай клиникалық ақпаратты қамтиды:

- медициналық қызметтер мен рәсімдер, оның ішінде хирургиялық араласулар;
- ресурстарды пайдалану туралы деректер, оның ішінде дәрілік заттар, қан компоненттері және медициналық мақсаттағы бұйымдар туралы егжей-тегжейлі жазбалар.

5.3.4 5.3.2 және 5.3.3 сәйкес нормаланған клиникалық ақпарат ЭДП-да оның клиникалық мәнмәтіні диагнозбен немесе ICD-3 кодымен, әрбір емдеу немесе ЭДП немесе ЭМЖ элементі үшін анықталатындай етіп ұйымдастырылған. Осының арқасында медициналық ақпарат олардың жіктелуіне сәйкес (АХЖ-10 немесе БМСК қызметінің жіктемесіне сәйкес) медициналық көмек көрсетудің әрбір жүгінуі мен эпизоды шегінде клиникалық маңызды болады.

5.3.5 Клиникалық ақпаратты нормалау мақсатында денсаулық мәселелерін мынадай ережелерге сәйкес кодтау қажет:

- МСАК дәрігері айқындаған денсаулық мәселелері МСАК қызметі жіктемесінің терминологиясын пайдаланып тұжырымдалады;
- медициналық маман алдын-ала/клиникалық/қорытынды диагноз ретінде анықтаған денсаулық мәселелері АХЖ-10 жіктемесін қолданып тұжырымдалады.

5.3.6 Медициналық көмек көрсетудің ашық немесе жалғасатын эпизодын аяқтау қажет болған жағдайда МСАК дәрігері медициналық жазба элементін жасауы және оны ЭДП-да сақтауы тиіс. Медициналық жазба элементінде АХЖ-10 жіктемесін пайдаланып тұжырымдалған медициналық көмек көрсетудің осы эпизоды үшін түпкілікті диагноз болады. Мұндай жағдайларда пайдаланылатын диагноз коды картаға түсіруге сәйкес МСАК қызметі жіктемесінің кодына сәйкес келуі тиіс. Картаға түсіру МСАК қызметінің жіктемесі кодтарының АХЖ-10-да жіктелген ауруларға арақатынасы деп аталады.

5.3.7 Ең аз деректер жиынтығы мынадай электрондық денсаулық сақтау үдерістері арқылы жиналады:

- электрондық түрде консультациялар туралы деректерді жүргізу;
- пациент туралы мәліметтер алмасу;
- электрондық жолдамалар;
- диагностикалық зерттеулердің электрондық нәтижелері;

ҚР СТ 3749-2021

- электрондық рецепттер;
- электрондық алдын алу;
- консультациялар туралы деректерді электрондық түрде жүргізу ISO 13940:2015 (E) стандарты шеңберінде сипатталған және ЭДП басқаруға және медициналық көмек көрсету эпизодтарын жасауға бағытталған үдерістерді қамтиды.

5.3.8 Электрондық жазудың мына құрылымдары электрондық кеңес беру үдерісінің бөлігі ретінде қолданылады:

- ЭДП элементтерін алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету нәтижесінде МСАК мамандары ұйымдастырады және ЭДП ПБМЖ-да сақтайды;

- ЭМЖ элементтерін тиісті медициналық қызметтер көрсету нәтижесінде консультациялық-диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын, паллиативті, жедел медициналық көмек деңгейінде медицина қызметкерлері ЭМЖ ПБМЖ-да ұйымдастырады және сақтайды. ЭМЖ элементтері пациенттің ЭДП-да тікелей құрылуы және ұсынылуы немесе медициналық ұйымнан ЭДП-ға жіберілген ШРЭ арқылы ұсынылуы мүмкін;

- ЭПҚ құрамындағы ЭДҚ және ЭМҚ элементтерінің реттілігін өзгерту немесе қайта бөлу қайталама ПОМҚ құру мақсатында клиникалық процесті жүзеге асыруға өкілеттікке сәйкес жүзеге асырылады;

- ШРЭ консультациялық-диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын, паллиативті, жедел медициналық көмек берушілердің ЭМӨ сыртқы жүйелерімен құрылады және осы жүйелерден ЭДП-ға медициналық көмек көрсету эпизодтарын жасау және сақтау үшін ЭДП медициналық көмек көрсетудің тиісті эпизодымен өзара байланыста беріледі; ШРЭ хабарламаларын осындай беру электрондық жіберу процесінің нәтижесі немесе жедел медициналық көмек көрсету нәтижесі ретінде жүзеге асырылуы мүмкін.;

- ШРЭ ЭДП негізінде автоматты түрде құрылады және ЭДП-дан консультациялық-диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын, паллиативті, жедел медициналық көмек берушілердің ЭМӨ жүйесіне ЭДП авторы (пациент учаскесіне тіркелген МСАК дәрігері) бастамашылық еткен электрондық жолдама үдерісінің нәтижесі ретінде беріледі;

- ШРЭ электрондық рецептті пайдалану үдерісінің бөлігі ретінде денсаулық сақтаудың сұрау салушы тарапына берілуі мүмкін;

- медициналық көмек көрсету эпизодын пациент бекітілген МСАК дәрігері аяқтауы мүмкін, бұл ретте 5.3.6-ға сәйкес талаптар қолданылады.

5.3.9 Пациент туралы деректер электрондық жолдамаларды жүзеге асыру, денсаулық сақтау ұйымдарынан үзінділер, консультациялар және диагноздың нәтижелерін беру мақсатында, сондай-ақ электрондық

рецептілерді беру мақсатында ЭДП-ға қолжетімділігі бар медициналық көрсетілетін қызметтерді берушілер арасында алмасуға жатады.

5.3.10 Пациент туралы деректермен алмасу мазмұны Б қосымшасында берілген ШРЭ арқылы жүзеге асырылады.

5.3.11 5.3.7-ге сәйкес айқындалған электрондық денсаулық сақтау үдерістерін реттеу, сондай-ақ алмасу осы үдерістер нәтижесінде жүзеге асырылатын ақпараттың мазмұны электрондық денсаулық сақтау үдерістеріне қойылатын стандартты талаптардың ережелеріне сәйкес айқындалады.

5.3.12 ЭДП осы стандартта сипатталмаған, бірақ [8] сәйкес қажетті болып табылатын деректерді сақтай алады. Мұндай жағдайларда ҚР СТ ISO 27932 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін электрондық медициналық құжаттар нысанында қосымша құрылымдар құрылады және сақталады. Бұл қосымша құрылымдар БАЖ деп аталады, олар пациенттің ЭМЖ бөлігі ретінде ЭМЖ немесе ЭДП тиісті элементтерімен тікелей байланысты.

5.3.13 ЭДП және ЭМЖ жүйелері арасында хабарламалар алмасудың барлық процестері, сондай-ақ ЭДП-ға тікелей қолжетімділігі бар медициналық қызмет көрсетушілер арасында шығарылатын бағыттар мен үзінділер сияқты клиникалық әкімшілік жазбалар БАЖ ретінде сақталады және ЭДП-ның тиісті элементіне бекітіледі.

5.3.14 Зертханалық зерттеулердің немесе басқа диагностикалық қызметтердің нәтижелерімен алмасу үшін қолданылатын ШРЭ құрылымы, мазмұны және нормалау әдістері [11] сәйкес белгіленеді.

5.3.15 Пациентті, медициналық ұйымды және медицина қызметкерін сәйкестендіру үшін қолданылатын әдіс пен кодтар денсаулық сақтаудың қолданыстағы тараптарын сәйкестендірудің стандартты талаптарына сәйкес белгіленеді.

5.4 ЭДП өмірлік циклын басқару

5.4.1 Нақты пациенттің ЭДП өмірлік циклы мына кезеңдерді қамтиды:

- пациент үшін ЭДП есептік жазбасын жасау;
- жазба жүргізу (оның ішінде тіркеу журналын және қағаз құжаттамасын жүргізу);
- мұрағаттау;
- мұрағатты жүргізу;
- ЭДП-ны жою.

5.4.2 Есептік жазба құру

5.4.2.1 ЭДП есептік жазбасын пациенттің жеке сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер негізінде автоматты түрде құрылады.

ҚР СТ 3749-2021

5.4.2.2 ЭДП есепке алу жазбаларын тіркеу мақсатында пациентті және ЭДП үшін жауапты медицина қызметкерін сәйкестендіру бойынша ақпарат денсаулық сақтаудың қолданыстағы тараптарын сәйкестендірудің стандартты талаптарының ережелеріне сәйкес ЭДП кеңістігіне электрондық денсаулық сақтау сервистері арқылы ұсынылады.

5.4.2.3 ГОСТ 52636-ға сәйкес ЭДП-ға енгізілген ақпаратты жою және түзету жөніндегі ережелер мен құқықтар мынадай болуы тиіс:

- жасалған, бірақ басқа адамдарға жұмыс істеу үшін әлі түспеген және қол қойылмаған жазбаны оны жасаған адам жоя алады немесе түзете алады;

- басқа адамдарға жұмыс істеу үшін қол қойылған немесе келіп түскен жазбаны оны жасаған адам түзете немесе жоя алмайды.

5.4.3 Жазбаларды жүргізу

5.4.3.1 ЭДП жүргізу мыналарды қамтиды:

- ЭДП-ға қолжетімділік;

- медициналық көмек көрсету үдерісінде медицина қызметкері жүзеге асыратын ЭДП және ЭМЖ элементтерін қамтитын бастапқы ПБМЖ құру; көрсетілген элементтерді тікелей медицина қызметкері не ЭЖҚ беру арқылы жанама түрде құрады;

- денсаулық сақтаудың кез келген кеңес беруші тарапының қайталама ПБМЖ құруы ЭДП және ЭМЖ элементтерінің реттілігін өзгерту және/немесе қайта бөлу арқылы; мұндай жағдайларда бастапқы ПБМЖ қозғалмайды және қайталама ПБМЖ денсаулық сақтау тарабын және олардың пайда болу себептерін сәйкестендіре отырып, уақытша құрылады және сақталады.

- БМСК учаскелік дәрігеріне пациентті бекіту туралы мәліметтерді жаңарту.

5.4.3.2 ЭДП-ға қолжетімділік мыналарды іске асыру үшін ұсынылады:

- 5.3.7 сәйкес электрондық денсаулық сақтау үдерістерін;

- медициналық қызметтердің сапасын бақылау бойынша іс-шаралар.

5.4.3.3 ЭДП-ға қолжетімділік ЭДП жергілікті репозиторийі арқылы немесе ЭДП қашықтықтағы репозиторийі арқылы жүзеге асырылады. Қашықтықтан қолжетімділік жағдайында ЭДП ЕЖҰТ арқылы айқындалады, қашықтықтан ЭДП-ға қолжетімділік осы стандартта бекітілген шарттар мен ережелерге сәйкес денсаулық сақтаудың сұрау салушы тарабы сәйкестендіргеннен және бірдейлендіргеннен кейін беріледі.

5.4.3.4 5.3.7-ге сәйкес электрондық денсаулық сақтау үдерістері барысында ұсынылатын ЭДП-ға қолжетімділік осы стандарттың шарттары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. ЭДП-ға, оның ішінде ЭДП

және ЭМЖ элементтеріне жауапты медицина қызметкерлерін қамтымайтын денсаулық сақтау тараптары үшін қолжетімділіктің кез келген өзге түрі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады [1] [3]. Шұғыл және жедел көмек көрсету жағдайларында кез келген пациенттің медициналық ақпаратына қолжетімділік көмектің осындай түрін көрсететін денсаулық сақтау тараптары үшін әдепкі бойынша қамтамасыз етіледі. Мұндай мақсаттар үшін ең аз мәліметтер жиынтығы В қосымшасында берілген және «негізгі» деп белгіленеді.

5.4.3.5 ЭДП-ға кез келген қолжетімділік немесе ЭДП-ға қатысты өзге де әрекеттер ЭДП логтау журналында тіркелуі тиіс.

5.4.3.6 ЭДП-ға қолжетімділіктен бас тартылған жағдайда, мұндай әрекеттер ЭДП логтау журналында тіркелуі тиіс.

5.4.3.7 ЭДП-ға қолжетімділік денсаулық сақтаудың қолданыстағы тараптарын сәйкестендірудің стандартты талаптарына сәйкес пациентті және қолжетімділік сұрайтын денсаулық сақтау тарапын сәйкестендірудің тиісті және заңды құралдарын ұсыну негізінде ғана беріледі.

5.4.3.8 Аяқталмаған ЭДП-дан алдын ала мәліметтерді дұрыс пайдаланбағаны үшін жауаптылық ГОСТ 52636 сәйкес осы мәліметтерді пайдаланған тұлғаға жүктеледі.

5.4.4 ЭДП логтау журналын жүргізу

5.4.4.1 Логтау журналының мақсаты ҚР СТ ИСО/МЭК 27002 сәйкес ЭДП-мен байланысты барлық іс-қимылдар бойынша есептілікті қалыптастыру үшін бақылау жүйесін құру, сондай-ақ ЭДП-ға қолжетімділік және жүргізу жөніндегі саясаттарға, рәсімдерге, клиникалық хаттамаларға сәйкестікті қамтамасыз ету болып табылады.

